

**Облигациялармен екінші деңгейдегі банктер мәмілелерді жүзеге асыра алатын халықаралық қаржы ұйымдарының және шетел эмитенттеріне арналған ең төменгі рейтингтің тізбесін белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 9 ақпандағы N 25 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 17 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2740. Күші жойылды - ҚР ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 128 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) қаулысымен.

*Күші жойылды - ҚР ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 128 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) қаулысымен.*

*Ескерту: Қаулының атауына, кіріспесіне өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 45 қаулысымен .*

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағындағы е-1)-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Екінші деңгейдегі банктердің мәмілелерді мынадай халықаралық қаржылық ұйымдардың облигацияларымен жүзеге асыруы мүмкін екендігі белгіленсін :

- 1) Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development);
- 2) Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation);
- 3) Азия даму банкі (Asian Development Bank);
- 4) Африка даму банкі (the African Development Bank);
- 5) Еуропа қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development);
- 6) Америкааралық даму банкі (the Inter-American Development Bank);
- 7) Еуропа инвестициялық банкі (the European Investment Bank);
- 8) Ислам даму банкі (the Islamic Development Bank);

- 9) Скандинавия инвестициялық банкі ((the Nordic Investment Bank);  
10) Еуропа кеңесінің даму банкі (the Council of Europe Development Bank).

1-1. Екінші деңгейдегі банктердің ("Standard & Poor's» немесе»Fitch»рейтинг агенттіктерінің топтастыруы бойынша)»"А"-дан төмен емес немесе ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің топтастыруы бойынша)»"А3"-тен төмен емес шетел эмитенттерінің облигацияларымен мәмілелерді жүзеге асыра а л а т ы н д ы ғ ы б е л г і л е н с і н .

Екінші деңгейдегі банктер облигацияларымен мәмілелерді осы тармақта айқындалған деңгейден төмен жүзеге асыра алатын шетел эмитенттерінің рейтингі төмендеген кезде екінші деңгейдегі банктер көрсетілген төмендеу орын алған айдан кейін келетін үш күнтізбелік айдың ішінде өз қызметін осы тармақтың талаптарына сәйкес келтіреді.

*Ескерту: 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 45 қаулысымен .*

2. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Стратегия және талдау департаменті ( Е д е н б а е в Е . С . ) :

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, екінші деңгейдегі банктерге, "Қазақстан қаржыгерлерінің ассоциациясы" заңды тұлғалар бірлестігіне, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың өзін-өзі реттеуші ұйымдарына, сауда-саттықты ұ й ы м д а с т ы р у ш ы ғ а жіберсін .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің қызметін қамтамасыз ету департаменті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулының Қазақстан Республикасының бұқаралық баспасөз басылымдарында жариялау шараларын қ о л ғ а а л с ы н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау жөніндегі  
агенттігінің Төрағасы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК